



Әрі оқы, әрі кәсіппен айналыс

Студенттер де кәсіпкер бола алады. Мұндай мүмкіндікті жастарға Оңтүстік Қазақстан облыстық кәсіпкерлер палатасы мен М.Әуезов атындағы ОҚМУ басшылығы ұсынып отыр. Ректор Жұмахан Мырхалықовтың қолдауымен ашылған «студенттер арасындағы кәсіпкерлікті қолдау мен бизнеске оқытуға, бітіруші студенттер мен университет оқытушылары арасында іскерлік қатынастарды дамытуға жол ашпақ. Іс-шара аясында салтанатты түрде өзара ынтымақтастық туралы меморандумға кәсіпкерлер палатасының директоры Н.Әлтаев пен ректор Ж.Үшкөмпірулінің қол қою рәсімі өтті. «Ақыл жастан» дегендей бизнес инкубатордың ашылу салтанатында студенттер өздерінің бизнес жоспарларын мамандарға таныстырып өтті. Олардың арасында «Smart интернет кафесі», «Жеңіл авиация», «Вендинг бизнес жоспары», «Іскер.қаз порталы», «Жылқы және қой шаруашылығы» сияқты көзге түсер жобалар бар. *«Ғаламтордағы сайттардан орыс тілінде кез-келген ақпаратты табуға болады. Алайда, қазақ тіліндегі ақпараттар аз. Әсіресе, түрлі салаларға байланысты. Жастарға қазақ тіліндегі ақпараттардың қолжетімді болуы үшін*

«Іскер.қаз порталының» жоспарын жасадым. Мұнда қазақ тілінде кез-келген ақпаратты табуға болады. Жоспарды іске асыру үшін 2 миллион 720 мың теңге қажет. Студенттік инкубатордың арқасында ойымды жүзеге асыратын болдым», - дейді 3 курстың студенті Сейітқазы Данақазы.

Республикадағы үздік үштікке енген оқу орнында Сейітқазы Данақазы секілді жеке бизнесті бастайтын студенттерге арнайы кеңсе жасақталып, онда ғаламтор, ыңғайлы жұмыс орны, жиһаз, компьютер орнатылған. Сонымен қатар белсенді жұмыс жасайтын жобаларды инвесторлар алдында ұсыну мақсатында айына бір рет бизнес жоспарлар өткізіліп тұрмақ.

Бүгінде жастар арасында өз кәсібін ашу дамып келеді. Әрине, бұл заман талабы. Облыс аумағында 16 мен 29 жас аралығында 770 мың жас бар. Бизнес инкубатор олардың әрқайсысының жарқын идеясын жүзеге асыруға дайын. Қазірдің өзінде ОҚМУ-дың студенттері өз бизнесін дамытуға мүмкіндік алды.

Облыстық кәсіпкерлер палатасы өңірдегі бірқатар оқу орындарымен бірлесіп, тағы 20 студенттік бизнес-инкубатор ашуды жоспарлап отыр.